

**Басқарма төрағасының 2025 жылғы 11 желтоқсандағы № 376
бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы»
ШЖҚ РМК ақылы қызметтер көрсету туралы ережесінен
ҮЗІНДІ**

**7. Азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін жеңілдіктер
туралы мәліметтер**

«38. ҰШМҰО диагностикалық және зертханалық қызметтерге преискурант бойынша көрсетілген құнынан, сондай-ақ кезектен тыс қызмет көрсетуге төмендегі тұлғаларға жеңілдіктер ұсынады:

ардагерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға, I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға, зейнеткерлерге, 4 және одан да көп баласы бар көпбалалы аналарға, сондай-ақ «Алтын алқа» төсбелгісімен наградталған аналарға, «Халық қаһарманы» атағының иегерлеріне – 10% мөлшерінде (растайтын құжат болған жағдайда);

ҰШМҰО қызметкерлеріне, сондай-ақ олардың жақын туыстарына, аталарына, әжелеріне және немерелерін қоспағанда, барлық медициналық қызметтер бойынша – 15% мөлшерінде, жылына бір реттен жиі емес жеңілдік беріледі».